

«Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры»

2022 жылдың 6 қыркүйегінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Қ.С.Қалыбекова мен кафедра оқытушылары ф.ғ.к., доцент А.Б. Аширбекова, ф.ғ.м., оқытушы Т.Х. Абдықадыровалар Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесіне орай «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры» тақырыбында факультетаралық байқау ұйымдастырды.

Байқаудың мақсаты: студенттердің өлең оқып, ана тілі туралы ән айтуға баулу, тіл туралы мағлұматтармен бөлісу.

Шараға кафедра ұжымы, Лог-20-2, ОП-20-2, Лог-20с, ПСК-20-2 және тағы басқа топтардың студенттері қатысты.



